

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу  
университеті

Ө. Байқоңыров атындағы Тау – кен металлургия институты

Металлургия және пайдалы қазбаларды байыту  
кафедрасы

Досыбек Қ.Д.

Уран құрамды кендерді жер асты іріктеп еріту

Дипломдық жобаға  
**ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА**

5В070900 – Металлургия

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті


Ө. Байқоңыров атындағы Тау – кен металлургия институты

Металлургия және пайдалы қазбаларды байыту кафедрасы

**ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ**

МжПҚБ кафедра меңгерушісі

техн. ғыл. канд.

 М. Б. Барменшинова

« 14 » 05 2019 ж.

Дипломдық жобаға  
**ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА**

Тақырыбы: «Уран құрамды кендерді жер асты іріктеп еріту»


5B070900 – Металлургия

Орындаған

Досыбек Қайрат Дәулетбекұлы

Ғылыми жетекшісі

техн. ғыл. канд., қауым. профессор

 Б. С. Баимбетов

« 13 » мая 2019 ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ө. Байқоңыров атындағы Тау – Кен металлургия институты

Металлургия және пайдалы қазбаларды байыту кафедрасы

5B070900 – «Металлургия»



Дипломдық жобаны орындауға  
ТАПСЫРМА

Білім алушы Досыбек Қайрат Дәулетбекұлы  
Тақырыбы «Уран құрамды кендерді жер асты іріктеп еріту»  
Университет ректорының «08» «қазандағы 2018 ж. №1113-б бұйрығымен  
бекітілген

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі 2019 жылғы «20» мамыр

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістері Өндірістік және диплом  
алдындағы тәжірибе кезінде жиналған материалдар

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі

а) Жалпы түсіндірме жазбасы

б) Бас жоспар және көлік

в) Технологиялық шешімдер, энергоресурстармен қамту

г) Қауіпсіздік және еңбекті қорғау сұрақтары

д) Жұмыстың экономикалық тиімділігін есептеу

Сызбалық материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)




Сызба материалдарының \_\_\_\_\_ слайдта көрсетілген

Ұсынылатын негізгі әдебиет 16 атаулар


Дипломдық жобаны дайындау  
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Технологиялық сұлбаны дәйектемелеу	15.02.2019 ж.	Орындалды
Әдебиетке шолу	25.02.2019 ж.	Орындалды
Жобаның технологиялық шешімдері	01.03.2019 ж.	Орындалды
Жоба бойынша технологиялық есептеулер	11.03.2019 ж.	Орындалды
Таңдалған құрал – жабдықтардың сызбаларын дайындау	25.03.2019 ж.	Орындалды
Қауіпсіздік және еңбек қорғау	08.04.2019 ж.	Орындалды
Техника – экономикалық есептеулер	15.04.2019 ж.	Орындалды
Түсіндірме жазбаны дайындау	22.04.2019 ж.	Орындалды

Дипломдық жұмыстың бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жобаға қойған қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Экономика бөлімі	Б. С. Баимбетов, техника ғылымдарының кандидаты	13.05.19	
Қауіпсіздік және еңбекті қорғау бөлімі	Б. С. Баимбетов, техника ғылымдарының кандидаты	13.05.19	
Норма бақылау	А.Н. Таймасова, техника ғылымдарының магистрі	13.05.19	

Ғылыми жетекші



Б. С. Баимбетов

Тапсырманы орындауға алған білім алушы



Қ. Д. Досыбек

Күні

«20» қаңтар 2019 ж.

## АНДАТПА

Дипломдық жоба 54 компьютерлік беттен, 12 кестеден тұрады.

Дипломдық жобаның құрамында уран бар кендерді жер асты шаймалаудың өзекті мәселелері қарастырылған. Сондай – ақ, құрамында уран бар кендерді өндірудің теориялық – әдістемелік негіздері мен принциптері ашылған. Дүние жүзінде және Қазақстанда қолданыстағы өндіру әдістері, олардың технологиялық кірістері мен өндіріс орындарында оларды тиімді қолдану жолдары талданған. Тәжірибеде экологияны қорғауға бағытталған тиімді пайдалануда ұсынылған әдістер құрамында уран бар кендерді өндіруде өте маңызды.

Жобаның мақсаты: жер асты шаймалау әдісінің процессін және металлургия мен заманауи ғылымның әртүрлі салаларында қолдануын толық ашу.

Бұл жобада уранның физикалық, химиялық және геохимиялық қасиеттері келтірілген, өндіріс орнына және өндірілетін өнімге қысқаша сипаттама берілген. Құрылыс алаңдары таңдалып, сипатталған. Технологиялық процесстің ұсынылып, сорбция, десорбция, темірдің тұнуының және аммоний диуратның тұнуының материалдық балансы есептелген.

## АННОТАЦИЯ

Дипломный проект содержит 54 страниц компьютерного текста, 12 таблиц.

В данном дипломном проекте рассмотрены актуальные проблемы подземного выщелачивания урансодержащих руд. А также раскрыта теоретико –методические основы и принципы добычи урана содержащих руд. Анализ и обобщение практикуемых в настоящее время методов добычи в мире и в Казахстане, их технологический подход и оптимальные пути их применения на предприятиях. Эффективное использование данных методов на практике, направленных на сохранение экологии, в общем, что является одной из важнейших составляющих успешной добыче урана содержащих руд.

Цель проекта: более полное раскрытие процесса, метода подземного выщелачивания его сущности и места применения в различных отраслях современной науки и металлургии.

В проекте приведены физические, химические и геохимические свойства урана, основы способа извлечения урана, дана краткая характеристика предприятия и производимой продукции. Выбраны и характеризованы площадки строительства. Описаны основы технологического процесса. Даны расчеты материального баланса сорбции, десорбции, осаждения железа и осаждения диураната аммония.

## ANNOTATION

The degree project comprises 54 pages of computer text, 12 tables.

In this thesis project examined topical issues of uranium – bearing ores in – situ leaching. As well as the disclosure of the theoretical and methodological foundations and principles of the production of uranium – containing ores. Analysis and synthesis practiced currently mining methods in the world and in Kazakhstan, their technological approach and the optimal ways of their application in the workplace. Effective use of these methods in practice, aimed at preserving the environment, in general, that is one of the most important components of a successful uranium – containing ores.

The purpose of the project: a full disclosure of the process, the method of underground leaching of its nature and the place of application in various branches of modern science and industry.

The paper presents the physical, chemical and geochemical properties of uranium, based on the method of extracting uranium, presents brief characteristics of the enterprise and its products. Choose and are characterized by the construction site. We describe the basics of the process. Given the material balance calculations sorption, desorption, iron precipitation and deposition of ammonium diuranate.

## МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	
1	Жалпы түсіндірмелік жазба	12
1.1	Әдеби шолу	12
1.2	Шаймалау үрдісінің түрлері	14
1.3	Шаймалау үрдісінің кинетикасы	16
1.4	Уран кендерінің қышқылдық шаймалауы	18
1.5	Уран кендерін карбонаттық шаймалау	19
1.6	Жерасты шаймалау	19
1.7	Үйінді шаймалау	22
1.8	Бактериялық шаймалау	23
1.9	Құрамында кендер бар уранды сілтілендірудің шетелдік тәжірибесі	24
2	Бас жоспар және көлік	25
2.1	Құрылыс ауданына қысқаша сипаттама	25
2.2	Құрылыс ауданының климаты	25
2.3	Негізгі конструктивтік элементтер	26
3	Металлургиялық шешімдер	28
3.1	Негізгі технологиялық процестердің сипаттамасы	28
3.2	Сілтісіздендірудің материалдық балансын есептеу	28
3.3	Сорбцияның материалдық балансын есептеу	30
3.4	Десорбцияның материалдық балансын есептеу	32
3.5	Темір қоспаларының шөгуінің материалдық балансын есептеу	33
3.6	Аммоний диуратының шөгуінің материалдық балансын есептеу	34
	Қорытынды	36
	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	37
4	Қауіпсіздік және еңбек қорғау бөлімі	38
4.1	Кәсіпорын алаңын жоспарлау және жақсарту	38
A.2	Технологиялық құрылғыларды қауіпсіз пайдалану және орналастыру	39
A.3	Көтеру – көліктік құрылғылар	40
A.4	Электр қауіпсіздігі	40
A.5	Есептеулер	41
A.5.1	Жалпы айналымдағы желдеткішті қамтамасыз ету	41
A.5.2	Жасанды жарықтандыруды есептеу	42
A.6	Шу және дірілмен күресу іс- шаралары	43
A.7	Төтенше жағдайлар және оның зардаптарын жою	43
A.8	Радиациялық және улы заттар қауіпсіздігі	43
A.9	Өрт жарылыс қауіпсіздігі	45
A.10	Жобаланған нысананың қоршаған ортаға кері әсері мәселері	45
Б	Экономикалық бөлім	47
Б.1	Өндірістік қуатты есептеу	47
Б.2	Персоналдың жылдық жалақы қорын есептеу	48
Б.3	Негізгі жұмысшылардың жалақысының жылдық қорын есептеу	49



Б.4	ИТР, МОП және көмекші жұмысшылардың еңбекақысының жылдық қорын есептеу	50
Б.4.1	ИТР, МОП және көмекші жұмысшыларға еңбек ақы төлеу	50
Б.4.2	Қосымша ақысы зияндылығы үшін	51
Б.4.3	Негізгі жалақылары	51
Б.4.4	Аудандық коэффициенті	51
Б.4.5	Жылдық қорының жалақысы	52
Б.6	Өнімнің өзіндік құнын есептеу	52
Б.7	Жұмыстың экономикалық тиімділігін есептеу	53

## КІРІСПЕ

Бұл тақырыптың өзектілігі уранды шаймалау әдісін өнеркәсіптік деңгейде неғұрлым жақсы анықтау іздестірумен байланысты. Жоғары қажеттілікті және кәсіпорын мен елдің экономикалық факторларын және өнімді өткізу нарығының сипаттамасын ескере отырып, уран кенін өндіру жалпы ел үшін өте маңызды болып табылады.

Қазақстан жері уран кендеріне бай, біз барланған уран қорының 1,6 млн. тоннасын иеленеміз, бұл бізді уран өндіру бойынша бірінші орынға, барланған уран қорларының көлемі бойынша әлемде үшінші орында. Энергияны тұтынудың ұлғаюымен қатар, көмірсутекті отын қоры біртіндеп төмендейді. Қазірдің өзінде ел үшін атом энергетикасының дамуы және біздің еліміздің кәсіпорындарында іске асырылуын аса өзекті міндеті болып отырғандығы заңды.

Әлемдік тәжірибеде құрамында ураны бар кендерді шаймалау әдістері бойынша негізгі орында, құрамында ураны бар кендерді жер астында шаймалау әдісі болып табылады, бұл әдістер көптеген факторларға негізделген, қауіпсіз және экономикалық жағынан тиімді. Қазіргі уақытта бұл әдістер Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында, тікелей "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК кәсіпорнында құрамында уран бар кендерді алудың қазіргі заманғы қағидаттарына негізделіп белсенді қолданылады.

Әлемдік тәжірибеде уранды кенінен қолдану тақырыптың өзектілігі болып табылады, бұл ядролық энергетиканың азаматтық қажеттілігін қанағаттандыру үшін Үндістан мен Қытайға тікелей экспортталады.

Жобаның мақсаты қазіргі ғылым мен металлургияның әр түрлі салаларында оның жерасты шаймалау әдісін қолдануы, процесті толық ашу болып табылады. Сонымен қатар, менің ойымша, бос жыныстың үйінділерін және байыту қалдықтарын қарастыру, уран өндіру жобаларының әсері мен дамуына әсер ететін негізгі фактор болып табылатындықтан, оларға аса көңіл бөлінеді.

Уранды өндіру және оны өңдеу әдістерін әзірлеу, есептеу, технологиясы.

Сондай – ақ құрамында уран бар кендерді өндірудің теориялық – әдістемелік негіздері мен принциптерін ашу. Қазіргі уақытта әлемде және Қазақстанда қолданылатын өндіру әдістерін талдау және қорыту, олардың технологиялық тәсілі және оларды кәсіпорындарда қолданудың оңтайлы жолдары. Экологияны сақтауға бағытталған тәжірибеде осы әдістерді тиімді пайдалану, жалпы, бұл құрамында уран бар кендерді табысты өндірудің маңызды құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады.

Құрамында уран бар кендерді жер астында шаймалау әдісі болып табылады.

"Қазатомөнеркәсіп" ҰАК негізінде дипломдық жобада қорғауға шығарылатын негізгі ережелер:

1 Уран кендерінің құрамында рений бар, физикалық, химиялық, геохимиялық мәселені егжей – тегжейлі

зерттелеуде, оның бірегей қасиеттері оның заманауи дамып келе жатқан салаларда, авиа – ғарыштық, зымырандық, мұнай химиялық, энергетикалық және т. б. қолданылуын алдын ала анықтайды. Бұл жоба "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК – да іске асыру сатысында, ол техникалық жағынан жаңа болып табылады, бұл уранды қолдану шекарасын міндетті түрде кеңейтеді және табиғи уранның химиялық концентратын алудың өзіндік құнын төмендетуге алып келеді.

2 Тауарлық рений өнімін – аммоний перренаты мен рений қышқылын ала отырып, Қазақстанның полиэлементті уран бар кендерін жер астында шаймалау ерітіндісінен және қазіргі заманғы әдістеріне негізделе металдарды концентрациялаудың – сорбция, экстракция, электродиализалу технологиясы.

3 Жер асты ұңғылап шаймалау әдісі және оларды тәжірибеде тікелей қолдану.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы құрамында уран бар кендерді жер асты ұңғылап шаймалаудың отандық және Батыс тәсілдерін теориялық талдауға негізделген. Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде шаймалаудың жалпыға белгілі қолданылатын әдістері ұсынылды. Құрамында уран бар кендерді жер астында шаймалаудың балама әдістерін табуға және тануға бағытталған зерттеу процесін құрылымдауға әрекет жасалды.

## 1 Жалпы түсіндірмелік жазба

### 1.1 Әдеби шолу

Жаңа жасанды уран элементтерді (трансурандық) алу үшін бастапқы материал: нептуния, плутония, америция, кюрия, берклия, калифорния, эйнштейния, фермия, менделеевия, лоуренсия және т. б. болып табылады. Химиялық элемент ретінде уран тарихы Берлин химигі М. Клапрот Иоахимсталь (Қазіргі Яхимово, Чехия) кен орнының шайырлы кенінде жаңа элементті 1789 жылы ашқан кезінен басталады. 1781 жылы астрономом В. Гершелем ашқан уранды Клапрот сол планетаны Уран құрметіне атады [1].

Уран – заманауи техникалық мүмкіндіктерде пайдалануға болатын ең энергияға қаныққан отын. Бірнеше килограмм уран электр және жылу энергиясын, қанша тонна көмір мен мұнай немесе мың текше метр газ өндіруге қабілетті.

Көп жылдық зерттеулер растағандай, уранды жерасты ұңғылап шаймалау әдісімен өндіру қазіргі уақытта технологиялық операциялардың оңайлатылуы тұрғысынан уранды өндірудің ең тартымды тәсілі болып табылады. Бұл тұрғыдан қазақстандық кәсіпорындар Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында уранды күкірт қышқылымен шаймалауды қолдануынан ерекше тәжірибесі бар. Солардың бірі – "АППАК" ЖШС – нің өндірістік уран өндірісіне шыққан алғашқы бірлескен қазақстан – жапон кәсіпорны болып табылады.

2011 жылы "АППАК" ЖШС жоғарыда аталған тәсілмен Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында Шу – Сарысу уран кенінің провинциясы шегінде уран өндіруді жүргізді. Мыңқұдық кен орнын (Батыс учаскесі) пайдаланылуда, онда 2011 жылы жер қойнауында 43,292 т, яғни 6 % – дан аз шығындармен 783,1 т уран өндірілді, ал келісімшарттың жұмыс бағдарламасы мен жобалық құжаттамамен шығындардың 10 % – ы анықталды [1].

Әдетте, уран өндіру кеннің шайылуын жоққа шығара отырып, оның табиғи жер қойнауы орналасқан жерлерінде жүргізіледі. Барлық өндіру процесі тұйық циклде жүретінін ескере отырып, іс жүзінде металдың жоғалуы жоқ, бұл ретте жүргізілген жұмыстардың тиімділігі жер қойнауынан металды алудың жоспарлы және нақты коэффициентімен анықталады. Жер бетіне көтерілген өнімді ерітінділердегі уран мөлшері 25 мг/литрден 120 мг/литрге дейін ауытқиды, бұл кеннің сапалық сипаттамасымен, яғни оның өнімділігімен, уранның минералды түрімен, карбонаттылығымен, сазды және сүзу коэффициентімен анықталады. Одан әрі, жер бетіне көтерілген уран өнімді ерітінділерді өңдеу цехына түседі және уран тотығы – тотығы түрінде шығарылады.

Қазіргі уақытта, сутегі пероксидін қолдану бойынша геотехнологиялық блоктардың бірінде тәжірибелік жұмыстар толық аяқталды, 2011 жылдың тамыз айынан бастап 2012 жылдың қаңтар айына дейін жұмыс жүргізілді. Сонымен қатар, осы жылы 1000 тонна уран өндіруге шығуға мүмкіндік беретін іс – шаралар өткізілді. Бұл шараларға:

- көлемі 3000 м<sup>3</sup> және 6000 м<sup>3</sup> өнеркәсіп алаңдарында сілтілеу ерітінділерінің екі ірі құм тұндырғыштарын салу;
- өнеркәсіптік алаңдағы пеш бөлімшесі мен сорғыш станциясын қайта жаңарту;
- геотехнологиялық алаң учаскесінде аралық сорғы станциясының құрылысы.

Бүгінде Қазатомөнеркәсіптің кеніштері – өндіруші саладағы хайтекв. Компания уран өндіруді жерасты ұнғымалық шаймалау әдісімен жүзеге асырады – өндірудің ең озық технологияларының бірі.

Дәл осындай әдіспен "ОРТАЛЫҚ "өндіруші кәсіпорны" ЖШС "Орталық Мыңқұдық" учаскесін игеруде, ол Мыңқұдық кен орындары сияқты Шу – Сарысу депрессиясының солтүстік – батыс бөлігінде орналасқан және Оңтүстік Қазақстан облысының Созақ ауданына әкімшілік кіреді. Кен орны жоғарыда аталған тәсілмен шикізатты өңдеу үшін қолайлы қор бойынша ірі объект ретінде сипатталады. Мұндай геотехнологиялық көрсеткіштер: кен шоғырларының жату тереңдігі (330 – 360 м); төмен карбонаттылық (0,3 %) және жоғары өнімділік (5 – 10 кг) осының айқын дәлелі болып табылады.

1973 жылы ашылған сәттен бастап, "Волковгеология" ұйымы онда 1973 – 1994 жылдар аралығында геологиялық барлау жұмыстарын жүргізді. Кен орнын одан әрі игеру барысында және 2008 жылы учаскеде жүргізілген геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері бойынша уранның жалпы қорлары есептелді және ҚР ҚМК бекітуіне ұсынылды.

Кеніштің базасы жеке орналастырылған объектілер – кен орны учаскелерінде ұнғыма полигондарының алаңдары, сорбциялық қондырғы алаңы, сондай – ақ технологиялық және учаскелік сорғы станциялары мен қышқылдаудың технологиялық тораптары бар. Өндіріс объектілерін орналастыру үшін алаңдарды таңдау кездейсоқ емес және алдын ала инженерлік зерттеулер мен өндіріс ерекшелігін ескере отырып, өнеркәсіптік объектілерді орналастыру тәртібін айқындайтын жалпы мемлекеттік нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес алаңдарды орналастырудың оңтайлы нұсқасын анықтау бойынша техникалық – экономикалық есептеулер негізінде орындалды.

Сорбциялық қондырғының өнеркәсіп алаңының шамасы өндірісте қабылданған технологиялық процеске сәйкес ғимараттар мен құрылыстардың неғұрлым ұтымды орналасуын қамтамасыз етеді.

Қабылданған жерді барынша аз мөлшердеалу мақсатында ең аз қажетті болып табылады.

Технологиялық құрылыстарды орналастырудың оңтайлы таңдалған нұсқасы, сондай – ақ бос алаңдарды ұтымды пайдалануға, жобаланатын автожолдардың, кіреберістердің және инженерлік коммуникациялардың ұзындығын азайтуға мүмкіндік береді.

Негізгі өнеркәсіп алаңынан оңтүстік – шығысқа қарай кенішке сыртқы көлік коммуникацияларының жақындауы жағынан 0,5 км жерде жұмысшы кенті орналасқан. Айта кету керек, "Орталық Мыңқұдық" кенішінің персоналын

іріктеу кезінде ең алдымен ОҚО Созақ ауданының тұрғындарына артықшылық беріледі және бүгінде олар кәсіпорын қызметкерлерінің негізін құрайды.

Орталық және оған ұқсас кенішті одан әрі тиімді игеру ең алдымен біздің елімізде және болашақта жаңа инвестициялық мүмкіндіктер үшін перспективаны ашады, мемлекетіміздің шикізаттық бағыттан шығуына бағытталған күш – жігерді алдын ала анықтайды.

## 1.2 Шаймалау үрдісінің түрлері

Механикалық байыту әдістерінің (радиометриялық, гравитациялық және флотациялық) көмегімен уранды қажет дәрежеде байыту және бөліп алу мүмкін емес. Ең жақсы жағдайда алынған уран концентраттарының сапасы мен құрамы сұранысқа сәйкес келмейді. Сондықтан механикалық байыту әдістері қазіргі кезде экономикалық тиімді әдіс ретінде кенді алдын – ала қосымша өндегенде ғана қолданылады.

Уран кендерін байыту және бай, таза уран концентраттарын алудың негізгі әдісі (техникалық уранның шала – тотығы  $U_3O_8$ ) – уранды шикізат кенінен сұрыпты шаймалау арқылы химиялық концентрлеу және таза уран қосылыстарын ерітіндіден сұрыпты бөлу арқылы алынған өнім–уранның химиялық концентраты деп аталады.

Уранның химиялық концентратын алу мақсатында уран кендерін осылай өңдеу қазіргі кезде гидрометаллургиялық әдіспен жүргізіледі, ол байыту және термиялық өндеумен салыстырғанда универсалды әдіс болып табылады.

Гидрометаллургия – ылғалды материалдан уран және оның қосылыстарын ылғалды әдіспен бөлу, ол химиялық технологияның тарауына жатады. Бұл радиометриялық, гравитациялық, флотациялық әдістермен байытылған, жоғары температурада өңделген кен немесе кен концентраттары, сонымен қатар өндіріс қалдықтары болып саналады.

Гидрометаллургиядағы негізгі үрдіс, яғни ондағы өндірістің маңызды негізгі бөлімі – металды және оның қосылыстарын шаймалау болып табылады. Шаймалау – техникалық ерігіштер арқылы ертіндге бір немесе бірнеше компоненттерді өткізу (сулы қышқылды ерітінділер, сілтілер немесе негіздер, кейбір тұздар ерітінділері (мысалы, соданың) және т.б.). Уран технологиясындағы шаймалаудың негізгі мақсаты – уранның толық және сұрыпты еруі.

Құрамында ураны бар кеннің және минералдар түрінің әр түрлілігіне қарамастан, олардың көп бөлігі минералды қышқылдарда және сілтілік металдар карбонатының ыстық ерітінділерінде ериді. Осыған байланысты уран кенін шаймалаудың екі негізгі әдісі бар: қышқылдық және карбонаттық. Уран қосылыстарының еру реакциясын қарастырғанда оның ерекше қасиеті; оттекті қосылыс молекулаларымен комплекс түзуге бейімділігі байқалды. Сондықтан уранның тотықтары, сонымен қатар металдық уран және кейбір суда қиын еритін

қосылыстары оттекті бейорганикалық қышқылдар ( $\text{H}_2\text{SO}_4$ ,  $\text{HNO}_3$ ) және де нейтралды, оттекті сілтілік реагентті ерітінділер ( $\text{Na}_2\text{CO}_3$ ,  $(\text{NH}_4)_2\text{CO}_3$  және т.б.) әсеріне оңай ұшырайды. Қышқылдық немесе карбонаттық үрдістерді таңдау негізінен кендердің түріне байланысты.

Уран минералдары қышқылда жақсы еритіндіктен, кеннің көпшілігін өңдегенде карбонаттық шаймалауға қарағанда оңай қышқылдық шаймалау қолданылады. Бірақ қышқылдық шаймалауға қарағанда карбонаттық үрдістің артықшылығы ерекше, оны атқаруға кететін шығын аз болады.

Табиғи уран біріншілік немесе екіншілік болып бөлінеді. Біріншілік уран кенінде, уран тотықсызданған (төрт валентті), аз мөлшері тотыққан (алты валентті) түрде, екіншілік кенде біраз немесе толығымен тотыққан түрде болады.

Құрамында ураны бар біріншілік кендер әртүрлі қиын еритін тотықтармен (СЖЭ, титан, торий және т.б.) химиялық байланыста болғандықтан, оны өңдеу үшін концентрлі қышқылды қажет етеді. Мұндай кендер көбінесе сілтілік шаймалауға ұшырамайды. Құрамында настуран түріндегі уран бар біріншілік кендерді және барлық екіншілік кендерді өңдеуге қышқыл да, сілті де қолданылады.

Үрдісті таңдауда шикізат құрамының мәні зор. Егер кенде кальций, доломит немесе магнезит болса, онда оны өңдеуде қышқылдық шаймалау реагенттерін қажет ететіндіктен, карбонаттық шаймалау қолдану қажет. Керісінше, көп мөлшерде кремний қос тотығы бар кеннен немесе концентраттардан уранды бөліп алуда қышқылдық шаймалау қолданылады, өйткені олар қышқылға инертті келеді.

Қышқылдық шаймалауда көбінесе азот, тұз қышқылдары, негізінде олардан арзандау күкірт қышқылы қолданылады. Алынатын уран мөлшеріне қарай өңделетін кеннің көлемінің көптігінен шаймалауға қажет реагенттер шығыны өте зор. Сондықтан реагенттерді таңдағанда оның бағасын ескеру керек.

Қымбат реагент, мысалы азот қышқылдың төрт валентті уранды тотықтыруға немесе қымбат кенді шаймалауға қолданады, соңынан азот қышқылды ортада уранды экстаркциялап алады. Кейбір реагенттердің салыстырмалы бағаларын келтіреміз, %:  $\text{H}_2\text{SO}_4$  100,  $\text{HNO}_3$  160,  $\text{HCl}$  270,  $\text{Na}_2\text{CO}_3$  150,  $\text{NaHCO}_3$  200,  $(\text{NH}_4)_2\text{CO}_3$  400.

Шаймалауға керек реагенттерді таңдау үшін олардың сулы ерітіндісінің коррозиялық активтігін ескеру қажет. Уран гидрометаллургиясында көлемі үлкен қолданылатын аппараттардың, оларды осыдан даярлауға конструкциялық материалдар қажет етеді. Соған байланысты арзан ұғымды материалдар таңдау керек, мұндай материалдар тұз қышқылдық орта үшін жоқ. Сондықтан  $\text{HCl}$  өте сирек қолданылады. Күші  $\text{HNO}_3$  болатын пассивтендіреді. Сұйытылған  $\text{HNO}_3$  хромникельді таттанбайтын болатқа (18 % Cr, 8 % Ni, аз Ti және Mo қоспасымен) инертті болып келеді. Бірақ мұндай болаттың бағасы жай «қара» болаттан 10 – 15 есе жоғары.

Концентрациясы 65 %  $H_2SO_4$  ерітіндісі болат пен шойынға әсер етпейді. Сұйытылған ерітінділерде мыс қосылған хромникельді болат қолданылуы мүмкін.

Сондай ертінде коррозия болмайды, мұндай ерітіндіге жай болат өте тұрақты.

Шаймалау үрдістері қолданылған реагент түрлеріне ғана емес, аппараттық безендіруге де байланысты. Шаймалаудың перколяциялық және үйіткіштік әдістері бар. Перколяция әдісін қолданғанда кеннің қабаты қозғалмайды, ал шаймалау ерітіндісі үлкен кесек материал арқылы өтеді. Ерітінді жоғарыдан төмен, кейде төменнен жоғары қарай беріледі.

Перколяциялық әдістің артықшылығы сүзудің қажет еместігі, өйткені перколяциядан мөлдір ерітінді шығады; аппараттардың қарапайымдылығы: шаймалау әдістерін ұйымдастырудың және реагенттерді қолданудың тиімділігін арттырады.

Бірақ бұл әдістің айтарлықтай кемшіліктері де бар: шаймалау жылдамдығының төмен болуы; жұмыстың үздіктілігі; айналмалы ерітінді мен аппарат көлемінің үлкендігі; үрдісті автоматтандыруының қиындығы; жұмысты ірі кесекті (2 – 5 мм – ден кем емес) материалмен жүргізгенде уранның толық бөлінуіне әсер ететіні; шламның ағуының қауіптілігі және үрдістің бұзылуы.

Уран кендерін өңдеу кезінде соңғы екі мәселе өте маңызды. Перколяциялық әдістің кемшіліктері оны уран технологиясында көп қолдануға кедергі келтіреді.

Кенді қазып алу және зауытта оны өңдеуге қарағанда уран кенін жер астында шаймалауда перколяция әдісінің артықшылығы бар. Қазіргі кезде уранға кедей кендерді жер астында шаймалауға көп кеңіл бөлінуде. Бірақ уран кендерін шаймалауда үгіткіштік әдіс ыңғайлы. Ол ертіндегі уран кенінің бөлшектерін тиімді араластыруды қамтамасыз етеді. Үгіткіштік шаймалау үшін қолданылатын негізгі аппараттар – механикалық араластырғышы бар және пневматикалық пачук типтес үгіткіштер.

### **1.3 Шаймалау үрдісінің кинетикасы**

Еріген заттың химиялық потенциалы бастапқы қатты заттың химиялық потенциалына тең болғанда шаймалау кезінде термодинамикалық тепе–теңдік орнайды. Жеткілікті шама шегі – берілген температурада еруі.

Уран гидрометаллургиясында суда ерімейтін уран минералдары мен реагент арасында химиялық әрекеттесу арқылы шаймалау үрдісі жүреді. Осындай реакцияның жүруі Гиббс энергиясы және оған байланысты реакция теңдігінің константасының өзгеруімен анықталады. Бастапқы зат пен реакция өнімінің энтальпия және энтропиясының мәнін есептеу үшін қажет мәндерді анықтамадан табуға болады. Мұнда тек ерудің, гидратация мен кристал торының түзілуің термодинамикасы функциясының өзгеруін есепке алу керек. Минералды кендерден уранды шаймалау реакциясының көпшілігі үшін  $\Delta G$  –



ның үлкен теріс мәнінде тепе – теңдік тұрақтысы өте жоғары және іс жүзінде реакция қолайсыз.

Уранды шаймалау кинетикасы үлкен қызығушылық туғызады. Шаймалау – гетерогенді үрдіс, оның жылдамдығы (кез – келген гетерогендік үрдіс жылдамдығы сияқты) уран минералдарының шаймалаушы реагенттермен химиялық реакциясының жылдамдығымен немесе диффузиялық масса алмасу арқылы анықталады, себебі шаймалау үрдісі үш негізгі сатыдан тұрады:

- ерітіндіден әрекеттесуші зат реакция жүретін бетке өтеді;
- әрекеттесудің химиялық реакциясы;
- реакцияның еріген өнімдерін беттен ерітінді көлеміне өткізу.

Уран гидрометаллургиясында күрделі титан – тантал – ниобат тотығы бар уран минералын өңдегенде, шаймалау жылдамдығының қосындысы химиялық реакция жылдамдығын шектейді.

Көптеген уран пеш үшін үрдістің анықтаушы сатысы – шаймалау реагенттерінің ерітінді көлемінен уран минералдарының бетіне диффузиялануы. Бұл жағдайда шаймалау үрдісінің жылдамдығы белгілі диффузия теңдеуімен өрнектеледі:

$$dS/dt = D \cdot F \cdot dC/dx. \quad (1.1)$$

мұндағы  $dS/dt$  –  $dt$  уақыт аралығында реагенттер мөлшері мен беттескен фаза беттесу диффузия жылдамдылығы:

- $D$  – диффузия коэффициенті;
- $F$  – фазалардың беттесу беті;
- $dC/dx$  – концентрация градиенті.

Концентрация градиент  $dC/dx$  қабат қалыңдығына

$$dC/dX = (C_1 - C_2)/\delta. \quad (1.2)$$

қатысты диффузия қабатындағы шекара беттеріндегі реагенттердің концентрациясының айырымы мен өрнектелуі мүмкін.

- мұндағы  $C_1$  – қоймалжың көлеміндегі концентрация;
- $C_2$  – ішкі бетіндегі концентрация;
- $\delta$  – диффузиялық қабат қалыңдығы.

Кеуекті құрылымды кен материалы үшін  $\delta$  – ны диффузия кедергісінің қосындысына алмастырамыз:

$$dS/dt = DF(C_X - C_2)/\rho. \quad (1.3)$$

яғни шаймалау жылдамдығы диффузия коэффициентіне фазаның беттесу бетше, реагент концентрациясына тура пропорционал, ал диффузияның жалпы кедергісіне пропорционал. Бұл теңдеуге еріген зат пен ерітінді арасындағы

әрекеттесудің жылдамдық мәні кірмейді. Ол тек қана диффузия мен толық анықталатын үрдісті сипаттайды. Бұл диффузия теңдеу жалпы түрде шешілмейді, бірақ ол үрдістің кейбір заңдылықтарын түсінуге және ашуға көмектеседі.

#### 1.4 Уран кендерінің қышқылдық шаймалауы

Қазіргі уақытта уранның негізгі мөлшерін жоғары кремнийлі уран кендерден алады. Бұл кендердің құрамында кальций және магний карбонаттары өте аз. Сондықтан да мұндай кендерді күкірт қышқылымен шаймалайды. Блайнд – Ривер, Банкрофт, Шарлебуа – Лейк (Канада), Витватерсранд (ОАР), Плато Колорадо (АҚШ) және тағы басқа жерлерден шыққан кендер жоғары кремнийлі уран кендері болып табылады.

Шаймалау технологиясын қарастырғанда мынадай маңызды мәселеге көңіл аудару қажет:

- ерітіндіге 90 – 98 % уранды бөліп шығару;
- уран кенін өңдегенде бағасы төмен күкірт қышқылының аз шығын коэффициентіне қол жеткізу;
- басқа реагент (тотықтырғыштар) қосу тиімділігі;
- реагенттерді таңдау және әртүрлі жағдайлар (реагент концентрациясы, температура және т.б.) арқылы қоспалардың ерітіндіге өтуін азайту, яғни – бұл, компонентті шаймалау үрдісінің жылдамдығы әртүрлі екендігін және оның сұрыптылығын сипаттайды;
- шаймалаудың оптималдық режимін анықтау.


Уранның ерітіндіге толық өтуіне қалай қол жеткізуге болады?

Уранның үш тотығының күкірт қышқылында еру реакциясын қарастырайық.

*Уранның үш тотығын шаймалау.* Уранның үш тотығын  $UO_3$  – ті күкірт қышқылы ерітіндісінде шаймалау тез және жеңіл өтеді. Реакция үшін мынадай термодинамикалық мән сәйкес:



Уран үш тотығының күкірт қышқылында еру реакциясының өте күрделі аквакомплекс түзетінін ескере отырып, оны мынадай теңдеумен өрнектеуге болады:



Мұнда, аквакомплекс сульфат тобымен теңдес екендігі дәлелденген.

Аквакомплекстердің түзілуі термодинамика бойынша басқа комплекс түзілуі сияқты уран үштотығының еру реакциясыныңөтуіне көмектеседі, себебі  $\Delta G$  – ның теріс мәні өседі және тепе – тендік оңға жылжиды.

$[\text{UO}_2(\text{H}_2\text{O})_4\text{SO}_4]^0$  формуласының  $\text{UO}_2\text{SO}_4$  – тен айырмашылығында принциптік мәні бар, әсіресе сорбциялау, титрлеу, экстракция, реэкстракция т.б. механизмдерінқарастырғанда. Уранның (VI) барлыққосылыстар құрамында  $\text{U}^{6+}$  емес,  $\text{UO}_2^{2+}$ – уранил тобы бар, ол химиялық тұрақты және реакция жүргенде толық түзілген қосылыс құрамына кіреді.

Мұндай жоғарғы беріктілік уран атомында 6 d және 5 f – орбита санының көптілігімен түсіндіріледі, оның бір бөлігі бос күйінде қалады және уран мен оттегі арасында ковалентті байланыс түзіледі:  $\text{O} = \text{U} = \text{O}$ .

### 1.5 Уран кендерін карбонаттық шаймалау

Құрамында ураны және карбонаттары (кальций мен магнийдің) бар кендерді қышқылдық шаймалау тиімді болмағанда, сирек металдардың карбонатты ерітінділерімен (көбінесе натрийдің) ыдыратады.

Карбонаттық шаймалау негізінде мынадай реакция жүреді:



Бұнда уран суда жақсы еритін комплексті қосылыс үш карбонатты натрий уранилаты (немесе натрий уранил үш карбонат) түріне өтеді.

Термодинамика мәліметтеріне сәйкес уранның қос тотығы сұйық күкірт қышқылында ерімейді.

Карбонаттық шаймалаудың артықшылығы – үрдісті аппаратпен жабдықтаудың қарапайымдылығы, ортаның таттанбауы, аппараттардың жәй болаттан жасалуы.

Сонымен қатар, бұл шаймалау әдісінің кемшілігі де бар:

- кенді ұсақтау дәрежесінің үлкендігі;
- сүзудің қиындығы;
- соданың күкірт қышқылынан бір жарым есе қымбаттығы;
- ерітінділерді өңдеуге экстракцияны қолданудың мүмкін еместігі.

### 1.6 Жерасты шаймалау

Жерастылық шаймалау (ЖШ) – жаңа, үдемелі әдіс, қазіргі кезде уран өндіруде Қазақстанда кеңінен қолданылады. Бұл әдіс аз уақыттың ішінде жер қабығы сылбырланған аймақтың өтімді тау жыныстарында жататын гидротекті кенорындарында зерттеулердің, жасақтап игерудің және өнеркәсіпке еңгізудің

барлықсатыларынан өтті. Бұндағы кен денелерін ашу мен дайындау және уранды өндіру ұңғыма арқылы жүзеге асырылды.

Жоғарыда жерасты шаймалау әдісі туралы айтылған. Бұл әдістің дәстүрлі кенді алу және зауытта өңдеу әдістерімен салыстырғанда артықшылығы бар, ол уран өндірісінің бағасын төмендетеді және ураны бар шикізатты толық қолдануға мүмкіндік береді. Уран кендерін оның жатқан жерінде өңдеуде, қоршаған орта уран ыдырағанда түзілетін табиғи радиоактивті элементтермен ластанбайды және уран зауытынан шыққан сұйық, қатты заттарды сақтайтын жер қажет болмайды. Жерасты өңдеу мен кенді зауытқа жеткізу алынған уранның жалпы бағасының 40 % – ын құрайды, ал жер асты шаймалау шығыны мен алынған өнім ерітіндісін уран зауытына айдау 5 % – дан аспайды (уран бағасынан).

Американдық «Юта констракшн энд майнинг» фирмасының мәліметі бойынша, жерасты шаймалау әдісімен уран алуға кеткен шығын кенді ашық әдіспен өңдеуге кеткен шығыннан бірнеше рет көп болады.

Шаймалауды бірінші жағдайда жер астындағы блокта жүргізеді, кенді алдын – ала қопарылыс жасау арқылы ұқсайды. Блоктар күкірт қышқылымен себелендіріледі. Екінші жағдайда күкірт қышқылының ерітіндісі жоғарыдан саңылау арқылы беріледі, ал құрамында ураны бар ерітінді аэролифпен, сорғышпен жабдықталған саңылау арқылы сыртқа шығарылады.

Сыртқа шыққан ерітіндіден уранды сорбция–экстракциялық технологиясының көмегімен бөліп алады, одан шыққан ертінділер шаймалану үшін қайта қолданылады.

Жерасты шаймалау арқылы уранды алу үрдісіндегі қымбат өндірістік операцияларды: мысалы, жер астындағы блоктан кенді жер бетіне шығару, ұсақтау және кенді байыту, қалдықтарды тасымалдау және қоймаларда сақтауды және т.б. жүргізбеуге болады. Қиын орындалатын жұмыстар мен қымбат операцияларды қысқарту арқылы алынған металдың бағасы төмендетіледі.

Жерасты шаймалау жабылуға ұсынылған кен орынында қолданылады, Басқа жәй әдіспен уранды өндіруге болмайтын болғандықтан, қалған кенде уран қалып қойса да осы әдіске көп көңіл бөлінеді. Уран кеніші жерасты шаймалау шет елде де қолданылады. АҚШ – та, Канадада, Францияда бірнеше жылдан бері уранды қабатты және таулы кендерден шаймалайды.

1970 жылы америкалық «Анаконда» атты фирмада уранды құмды бос кеннен «жерасты шаймалау» арқылы бөліп алады. Америкалық «Пинэкл эксплорейшн» фирмасы теңіз бетінен 3100 м биіктікте орналасқан Ганнисонда (Колорадо штаты) уранды жерасты шаймалау арқылы алады. Негізгі минерал кені – настуран көмірлі әктаспен араласқан, сондықтан шаймалау реагент ретінде кенді суды пайдаланады. Оған соданы қосып, өнімдік ерітіндідегі уранның мөлшерін 120 мг/л – ге дейін көбейтеді.

Кейін содалық ерітіндіні және ауамен аэрациялауды қолдануға көшті. Уранды сорбциялаудан шыққан қайтымды ерітіндіні жерасты шаймалауға қайта жібереді.

Қазіргі кезде уранның жерасты шаймалау технологиясын жетілдіру жұмыстары әр елде жүргізілуде. Осыған байланысты жаңа евро қондырғысы туралы Клей Уэсте жариялаған хабар, 1974 ж. сәуірде Техас штатында қолдануға берілген уранды карбонаттық ертінділермен жерасты шаймалауға арналған. Оның өсімділігі жылына 450 т  $U_3O_8$  – ге жеткізу көзделген.

Шаймалауды 165 м тереңдікте ураны бар құмды қабаттан уранды алу үшін жүргізеді. Уранның мөлшері 0,05 – 0,5 %.

Бірақ уранның орналасқан жерінде су жоғары дәрежеде радиактивті болғандықтан ішуге жарамайды. Уранды жерасты шаймалаумен айналысатын ұйым осыны ескеріп, қоршаған ортаны қорғау және уранды пешті суға қоспау шараларын қарастырады. Қоршаған ортаны бақылайтын топқа химиктер, инженер–мұнайшылар, геологтар және гидрологтар, зоологтар, биологтар мен радиологтар кіреді.

Құбырды полихлорвинилден жасайды, ол коррозияға ұшырамайды. Тартып алатын саңылауда сорғыштар орналасқан. Үрдісті орталық пульт арқылы басқарады.

Уранның белгілі дәрежесін көтеру үшін оттегі беріледі. 200 мг/л ураны бар карбонаттық ертінді, шаймалаудан соң сорбциялық қондырғыға беріледі, ол 3 км жерде орналасады. Уранды құбырда амберлит көмегімен сорбциялайды. Десорбцияны натрий хлориді ертіндісімен жүргізеді, алынған регенератта 10 г/л уран болады. Оны ағаш көмірі салынған құбырда қоспалардан айырады (мысалы, молибденнен), одан кейін аммиакпен тұндыруға жібереді. Алынған химиялық концентрат–қоймалжыңды қоюландырады, сүзеді, кептіреді; барабанға салып, уран гексафторидін алатын зауытқа жібереді. Уранды сорбцияланған соң, шыққан ертіндіні реагенттермен байытып, қайтадан саңылауларға жібереді.

Түзілген барлық сұйық қалдықтарды полиэтиленмен қапталған ыдыстарда сақтайды. Ластанған қалдықтарды 1370 м тереңдетіп 2 саңылауға айдайды. Осылай таза су алуға болады. Саңылаулар цементпен жабылады, барлық құбырлар кейбіраудандарда шөп өсіріп, жоба бойынша аз уақытта алғашқы түріне келтіреді.

«Вайоминг минералз» фирмасы жерасты кен қондырғысын пайдаланып карбонаттық ертіндімен жылына 112,5 және 225 т  $U_3O_8$  алады. Техас штатында уранды жерасты шаймалауды аммоний карбонаты ертіндісін қолданып, кейін уранды ертіндіден ион алмасу сорбциясымен алу қондырғысы тұрғызылған. Барлық қондырғыларда шаймалау ертіндісінің төгілмеуі қарастырылған.

Қарастырылған қондырғылар уранды сусыздандырылған қабаттан алуға қолданылады. Шет елдерде уранды таулы кендерден жерасты шаймалаумен алу жоспарланған. Канада да (Онтарподи) жылына 500 т  $U_3O_8$  алатын қондырғыны пайдалану жоспарланған. Бұл жағдайда шаймалау 0,07 – 0,09 % ураны бар конгломератпен жүргізіледі. Дайындалған қопарғыш жұмыстармен қажет тау жыныстарын бұзады да ірі кесекті кен алады.

Шаймалауға дайындық: дамбы тұрғызу және қышқылдық сорғыштарды қондыру, құбыр арқылы күкірт қышқылын жіберу жүйелерінен тұрады.

Жерасты шаймалаудың басты артықшылығы – ол, қоршаған ортаны ластайтын, ұзақ сақталатын радиоактивті заттардың болмауы. Сонымен қатар, көп қалдықтардың немесе жоғарыға көтерілетін бос жыныстың қоймалжың үшін қойманың қажет еместігі.

Уран зауыттарында қолданылатын дәстүрлі технологиямен зауытқа берілген шикізаттың 99,8 % – ы қоймаға жіберілген. Бұл, әрбір өңделген кеннің 1 т – нан 0,9 тонна қатты және де 3 м сұйық қалдық шығады, яғни 1 кг алынған ураннан 1 т қалдық сәйкес келеді.

Жерасты шаймалаудағы қалдық көлемі жәй шаймалауға қарағанда төмен және қолданылған үрдістің ерекшелігіне байланысты. Ол карбонаттық шаймалауды қолданғанда көп емес, онда қайтымды ерітіндіні 100 % қайта циклге жіберуге болады. Бұл жағдайда 1 кг алынған уранға 1 – 2 кг қалдық сәйкес келеді ал 1500 т кенге 1 – 2 тонна қалдық сәйкес.

Қорыта келгенде, жерасты шаймалау әдісімен уран алу кеңінен қолданылады, әсіресе АҚШ – та, қазіргі кезде карбонаттық әдісі бойынша жерасты шаймалауды пайдаланып, уранды көп қабатты жерден алу өте тиімді екендігі дәлелденген. Егер кенді қажет дәрежеде ұсақтап, жерасты шаймалауды пайдаланса, онда оны кедей кенді өңдеуге де қолдануға болады.

## **1.7 Үйінді шаймалау**

Үйінді шаймалаудың үзік табысты дамуы, пайдаланатын реагенттер ерітінділері үшін кенді кесектердің өтімділігімен және уран минералдардың қасиеттері және құрамымен, кенді сілемдерінде, кен және тау жыныстарының кесектерінде, олардың үлестеріру заңдылықтарымен шартталады. Бірақта тау массасы бойынша ерітінділерді қалыпты үлестіру үшін қат – қабат жасауда тау массасының төгілуінде және оны реагенттермен суландырғанда белгілі талаптарды орындау аз емес маңыздылыққа ие болады.

Уранды, молибденді, мысты, алтынды және басқа элементтерді үйінді шаймалау әдістерін кеңінен енгізу үшін техногенді минерал түзілуінің заңдылықтарын және кендерден ерітінділермен бөлініп алынған уранның жоғалымдарымен күресудің тиімді тәсілдерін, бірақ шаймаланатын қат-қабаттың ішіндегі тау массалары кесектерінің бетінде тұнбаға түсетінін біліудің ерекше маңызы бар.

Үйінді шаймалау әдісі перколяция принципімен уранды кедей және төмен балансты кеннен бөліп алуға, сонымен қатар уран кенін байытқанда алынған ескі қалдыктан алуға қолданылады. Үйінді шаймалау, құрамында 0,01 – 0,085 ураны бар кендерді өңдеуге ыңғайлы. Үйінді шаймалау үрдісі қазіргі кезде келесі кезекте жүреді: арнайы дайындаған орында 10 м биіктікке дейін қабаттағы кенді полиэтиленді қабықшамен жауып, сорғыш арқылы берілетін күкірт қышқылымен дымқылдайды. Дренаж жүйесі бойынша алынған уран

ерітінділері зумпфа беріледі де, одан әрі уранды сорбциялап алу үшін айдалады. Бұл ерітінділерде 0,1 – 0,5 г/л  $U_3O_8$  болады.

Уранды үйінді шаймалауды АҚШ – та 2 зауытта, Португалияда және кейбір басқа елдерде қолданады. АҚШ және Португалиядағы қондырғы жұмыстарының нәтижесінде, осы әдіспен кедей шикізаттардан, сол сияқты радиометриялық қалдықтардан 80 % уран алуға болатындығы көрсетілген.

Соңғы уақытқа дейін үйінді шаймалау уран алуда қосымша әдіс болып саналған. Қазіргі уақытта осы әдісті уран зауыттарында негізгі әдіс ретінде қолданады, мысалы: Меболда ауданындағы «Хоумстер» фирмасының зауытында (Вайоминг шт., АҚШ) немесе Аргентинадағы Лос – Адобс зауытында.

## 1.8 Бактериялық шаймалау

Уранды кеннен бөліп алу үшін жерасты, үйінді және перколяциялық шаймалау әдістерін қарқындатуда бактериялық шаймалау әдісіне көп көңіл бөлінеді.

Кейбір жағдайда бейорганикалық тотықтырғыш: натрий хлораты, марганецтің қос тотығы т.б. орнында бактерияны тотықтырғыш ретінде қолдану пайдалы. Автотрофты бактерияларды жәй бейорганикалық заттарды оның ішінде күкірт қосылыстары және екі валентті темірді тотықтыру үрдісінде энергия көзі ретінде қолданады. Уран технологиясында тионды темір бактериялары (диаметрі 0,25 мкм және ұзындығы 1 мкм), бір клеткалы организмдер металл сульфидтерін, темір сульфатын, тиосульфатын, сонымен қатар, элемент күкіртті тотықтырады. Автотрофты бактериялар қышқылдық ортада, ауыр, улы металдар ионы қатысында дамиды және өмір сүреді, әрбір бактерия түрінің өмір сүруі, дамуы үшін оптималды жағдай, керек, әсіресе оттегі қажет. Бактериялық әдіспен уран минералдарын шаймалау үрдісі 25 – 40 °С – та, рН = 1,8 – 3,5 – те жүреді.

Процесті рН – бойынша және тотығу – тотықсыздану потенциалы 5 мВ болғанша бақылау ыңғайлы.

Бактериялық шаймалауға керек ерітіндіні арнайы бассейнде дайындайды, ол үшін ауа беріледі және бактерия көмегімен шала темір тотығы толық тотыққа айналады. Одан кейін құрамында  $Fe^{2+}$  0,2 г/л және  $Fe^{3+}$  2,0 г/л юар рН = 2,5 – 2,9 ерітінділер сорғыш арқылы саңылауға беріледі, олар жерасты шаймалаудағы дымқылдағыш жүйеге жіберіледі.

Уранды өнімдік ерітінділерден бел алған соң, оларды регенерациялау қажет болғандықтан бактериялық шаймалау әзірше уран өндірісінде кеңінен қолданылмайды, бірақ болашақта зертханалық бағытында қолдануы, өндірістік масштабта зерттелуде. Канадалық Стэнрок қазба орнында кеннен алудың өзіндік құны өте темен, 1 кг  $U_3O_8$  7,8 долл. тұрады, бұнда шаймалау көмегімен құрамында 0,005 % ураны бар кенді өңдейді.

## 1.9 Құрамында кендер бар уранды сілтілендірудің шетелдік тәжірибесі

Жер асты шаймалау технологиясы 1970 жылдардың ортасында ТМД мен АҚШ – та тәуелсіз әзірленді. Әдіс өндірудің әдеттегі тәсілдерін пайдалануға болмайтын, су қанықпаған өткізгіш жыныстарда орналасқан роллды үлгідегі (құмтас түріндегі уран кен орындарының кіші түрі) типтік кен орындарынан уран алуға арналған. Екі елде де ПСВ әдісі ұқсас инженерлік және технологиялық тәсілдер негізінде әзірленген. Алайда ТМД – да қышқыл сілтісіздендіру, ал АҚШ – та – сілтілік жүйелер (негізінен карбонаттар негізінде) қолданылады. Технологияны таңдау кен орнының геологиясына және гидрогеологиялық жағдайларға байланысты. Кен аймағында кальцийдің едәуір мөлшері болған жағдайда (карбонатты) сілтілеу қолданылуы тиіс.

Қазақстан мен Австралияда уран өндіру кезінде ұсақталған кеннен қышқылдық сілтілеу пайдаланылады, ал басқа елдерде, әдетте, сілтілі сілтілендіргіштер қолданылады, мысалы, қос көмірқышқыл натрий мен көміртегінің қос тотығы. Оңтүстік Австралиядағы "Беверли" және "Ханимун" кеніштерінде әлсіз күкірт қышқылымен сілтілеу қолданылады. Сілтісіздендіру ерітіндісінің рН 2,5–3,0 деңгейі бар (сірке суы сияқты).



## **2 Бас жоспар және көлік**

### **2.1 Құрылыс ауданына қысқаша сипаттама**

Құрылыс ауданындағы өндіріс алаңына сипаттама беру үшін талап және жобаның негізгі техникалық тапсырмаларды ескерген жөн. Жоба үшін есеп айыру қабылданған:

- нормативтік қарлы жүктеу – 0,5 кПа (50 кг/м<sup>2</sup>);
- нормативтік желді жүктеу биіктігі 10м – ден 0,38 кПа (38 кг/м<sup>2</sup>);
- қысқы ауа температурасы – 25 °С;
- ауданның сейсмикалық белсенділігі – 5 балл;
- булану үрдісі тұнудан 10 рет басымдылы.

Жобаланған өндіріс алаңы Оңтүстік Қазақстан облысында орналасқан, "Тимур" станциясынан 100 км қашықтықта.

Аудан климаты – шұғыл континенталды, ұзақтығы ыстық болып сипатталады, құрғақ жазды және қысы суық аз қарлы.

Жобаны есептеу үшін келесі климаттық берілгендерді қабылдаймыз:

- жылыту және ауа алмастыру үшін ішкі есептік температурасы– 25 °С;
- шілде айының желінің орта жылдамдығы – 4,0 м/с, қандарда – 3,4 м/с;
- жердің қату тереңдігі – 1,40 м.

### **2.2 Құрылыс ауданының климаты**

Кен орны Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданында орналасқан.

Жобаланған өндіріс алаңы еркін жазық территорияда салынған.

Инженерлік – геологиялық зерттеулермен келісе отырып жобаланған өндіріс аймағында жер жинағы сазды болады, әртүрлі сазды және ірі құмды. Сазды және балшықты қайта қабаттанады.

Өндіріс климаты – жылдам немесе тез континенталды, жазы ыстық әрі құрғақ, қысы – аз мөлшерлі қар деңгейімен сипатталады.

Сыртқы ауаның температурасы °С бойынша:

Жоғары абсолюттік +49;

Төмен абсолюттік – 38;

Жылдық орташа +12,1.

Сол аймақтағы жел бағыты:

Желтоқсан – ақпан – шығыс жағынан;

Маусым – тамыз – солтүстік – шығыс.

Жылы мерзімінің ұзақтығы – 180 күн.

Қар қалыңдығының қатуы бойынша I аудан – 50 кг/м<sup>2</sup>

Сейсмикалық алаңқай 6 балды құрайды (СНиП РК 2.03 – 04 – 2002), сейсмикалық құрамы бойынша беткі қабат категориясы – II.

Кен орны геологиялық орналасуында жер құрамы негізі қоңыр топырақпен сипатталады. Геологиялық барлау барысында топырақты сулар кездеспеген.

Геологиялық зерттеулермен есептеулер барысында кен орнындағы уран қорының мөлшері 19800 тонна шамасында болады.

Кен орнындағы уран минералдарымен кен денесінің деңгейі жер бетінен 450 – 470 метр тереңдікте орналасқан. Кен орнындағы негізгі уран минералдары ретінде настуран, ураннит және карбонатты минералдар тобын құрайтын жыныстардан тұрады. Кен орнындағы кен денесінің кемшілігі болып, қиын еритін кен жыныстарымен қоспа мөлшерін құрайтын жер металдар үлесінің көп мөлшерде болуы.

### **2.3 Негізгі конструктивтік элементтер**

Негізгі конструктивтік элементтер іргетастар, қабырғалар, бағаналар, едендер, терезелер, есіктер, қақпалар мен төбелер болып табылады.

Іргетас.

Іргетас ғимарат жүктемесін қабылдайтын және оның негізгі топырағына беретін конструкцияның жер асты бөлігі деп аталады.

Іргетастың орналасу тереңдігі, топырақтың қату тереңдігіне және жер асты суларының деңгейіне байланысты 1,5 м қабылдайды.

Сыртқы қабырғалар мен колонналардың іргетасын ылғалданудан қорғау үшін ғимараттың айналасында ені 1, 0 – 1, 5 м асфальтталған жолақ, қабырғаға қарай еңістігі бар. Топырақтың көтергіш беті құмды топырақты тығыздау үшін қолданылатын дірілдеумен артады, бұл топырақтың есептік кедергісін біршама арттырады. Бұл топырақтың салмақ көтеру қабілетін арттыру үшін жеткіліксіз, сондықтан қада негіздерін көздейді. Қада іргетастарды қолдану құрылысты айтарлықтай тездетеді және іргетастың салынуын 2 – 25 % арзандатады.

Іргетас материалы – темір бетон.

Сыртқы қабырғалар.

Жұмыс сипатына байланысты жүктемемен қабырғалардың үш құрылымдық түрі ажыратылады:

1 көтеруші қабырға: өз салмағының қысымын сезінеді және жабудан, краннан және т. б. жүктемені көтереді.

2 Өздігінен көтерілетін қабырға: өз салмағының қысымын сынайды, бірақ жабудан, краннан және т. б. жүктеме колоннаға беріледі. Қабырғалардың бұл түрі заманауи өнеркәсіптік ғимараттарда өте кең таралған.

3 Көтергіш (аспалы) қабырға: ешқандай сыртқы жүктеме болмайды және бағаналар өз салмағын іргетас арқылы береді. Бұл конструкция қабырға материалының аз беріктігі кезінде қолданылады. Қаңқасы сияқты ғимараттың қабырғалары да температуралық тігістермен кесілуі тиіс. Ғимараттың қабырғалары – қалыңдығы 60 см.

Бағандар.

Ғимаратта орналасқан жеріне байланысты сыртқы қабырғаға жапсарлас орта және шеткі болып бөлінеді.

Бағаналарды бетондау алдында оларға пластина түріндегі болат бөлшектер салынады. Олар бағаналарға қаңқаның басқа элементтерін және қабырғаларды бекіту үшін қызмет етеді. Бұтақтар илектеу бұрыштарынан жасалған тормен қосылған. Болат бағаналар дәнекерлеудің көмегімен илектеу немесе дәнекерленген профильдерден дайындалады. Бағананың төменгі бөлігінде бағананы іргетасқа бекітуге арналған башмақ бар.

Едендер.

Едендер – технологиялық процестің тікелей әсерін қатты сезінетін өнеркәсіптік ғимараттың элементі.

Техникалық талаптарға байланысты едендеререкшеленеді:

– судың әсеріне төзімді;

– жоғары температураның әсеріне төзімді.

Біздің жобада едендерді механикалық әсерлерге төзімді деп қабылдаймыз.

Терезелер, есіктер, қақпалар.

